

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Конфликт

5-тарау. Әлеуметтік психология





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың конфликт, бәсеке, бұрыс қабылдау туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Әлеуметтік дилеммалар;
2. Бәсеке;
3. Әділетсіздікті қабылдау;
4. Бұрыс қабылдау.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер конфликтілердің бірнеше ортақ себебі бар екенін дәлелдеп отыр. Бір қызығы, бұл себептер әлеуметтік конфликтінің топаралық яғни тұлғааралық болсын, кез келген деңгейіне ортақ.

Әлеуметтік дилеммалар

Адамзаттың келешегіне қаупі зор мәселелердің көбі, мәселен, ядролық қаруды қолдану, климаттың өзгеруі, жер бетіндегі адам санының күрт өсуі, балық қоры мен табиғи ресурстардың азаюы мәселелері – белгілі бір топтардың бүкіл адамзатқа тигізетін ортақ зардабының көлеміне қарамастан, өз мүддесін ғана ойлаған өзімшілдігінің кесірінен туындап отыр. Кейбіреулер «Булану газдарының қалдығын азайтатын жабдық қымбат тұрады. Оның үстіне менің өндірісімнен бөлінген газдың мөлшері айтарлықтай көп емес», – деп ойлайтын шығар. Дәл осылай ойлайтындар көп болуының нәтижесінде климат өзгеріп, ауа ластанып, мұздықтар еріп, теңіз деңгейі көтеріліп жатыр. Сонымен, жекелеген адамдар шешімінің зардабын бүкіл адамзат тартып отыр.

Осы тұста конфликт тараптарының бір-біріне кесірі көп тиетін іс-әрекеттерге барған әлеуметтік «тұзаққа» екі мысал келтіре кетейік: бірі – күдіктінің дилеммасы, екіншісі – ортақ игілік трагедиясы.

Күдіктінің дилеммасы

Бұл дилемма аймақ прокуроры екі күдіктіден жеке-жеке жауап алғаны жайлы хикаядан туған. Прокурор күдіктілердің екеуінің де қылмыс жасағанын біледі, бірақ әзірге тек жеңіл қылмыс жасағандарына ғана дәлелі бар. Сондықтан екеуін жеке-жеке тергеу барысында тиімді шарттар қоя отырып, мойындатуға тырысады:

- Егер А күдікті кінәсін мойындап, Б мойындамаса, онда прокурор А күдіктінің жазадан босатылатынына кепілдік беріп, оның берген айғақтарын Б-күдіктінің ауыр қылмысты мойындауы үшін пайдаланады.
- Егер екеуі де мойындаса, онда екеуі де орташа мерзімдегі жазаға кесіледі.
- Егер екеуі де мойындамаса, екеуі де жеңіл қылмыстары үшін сотталып, жеңіл жаза алады.

Жалпы күдікті үшін кінәні мойындағаны тиімді екен. Дегенмен бұл жерде тағы бір кілтипан бар, бір-біріне сенім артпаса немесе бір мәмілеге келмесе, мойындамаған күдіктінің жағдайы күрт қиындар еді. Сондықтан бұл дилемма күдіктілердің өзара ақылдасып, бір-біріне ықпал ету мүмкіндігі болмағандықтан, оларды қиын жағдайда қалдырады.

Кестедегі сандар ақшалай сыйақыны көрсетеді. Әр шаршыдағы қиғаш жол – А күдіктіге кесілген жаза мерзімі. Күдіктінің классикалық дилеммасына қарағанда, лабораториялық жағдайда қайта таңдауға болады.



Ортақ игілік трагедиясы

Әлеуметтік дилеммалардың, негізінен, екі немесе одан да көп қатысушылары болады. Климаттың өзгеруіне ормандардың жаппай шабылуы мен автокөліктерден, пештер мен жылу электр стансаларынан бөлінетін көмірқышқыл газының тигізіп отырған зияны аса жоғары. Мәселенің ушығуына әрбір автокөліктің де келтірген зардабын бүкіл адамзат тартып отыр. Осындай әлеуметтік пайымдардың себебін табу үшін ғалымдар зертханада бірнеше адам қатысқан зерттеу жүргізген. Мұндай әлеуметтік дилеммалардың қатыгездігін эколог Гаррет Хардин «Ортақ игілік трагедиясы» деген метафорамен сипаттаған екен. Бұл атауды Англияның көне қалашықтарының орталық бөлігінде орналасқан жайылымдардың атауымен байланысты атапты. Бүгінде «ортақ игілік» ұғымына ауаны, суды, балық қорын, тіпті құймақты да, жалпы, кез келген ортақ немесе шектелген қор түрлерін жатқызуға болады. Бұл қорларды ысырапсыз пайдаланса, өздігінен қалпына келіп, ортаймас еді, яғни шөп өседі, балық уылдырық шашады, құймақ та таусылмайды. Әйтпесе ортақ игілік трагедиясына әкеп соғады.

Мәселен, 100 сиырға ғана жететін жайылымда 100 фермердің малын баққанын елестетіп көріңіз. Әр фермерде бір сиырдан болса, жайылым бәріне жетеді. Ал фермерлердің біреуі «екінші сиырды әкеліп қоссам, кірісім еселенеді, ал шөптің аздығы небәрі бір пайызды ғана құрайды» деген ой түйіп, жайылымға тағы бір сиыр әкеліп қосты делік. Кейін фермерлердің бәрі дәл солай қайталасын. Нәтижесі не болмақ? Ортақ игілік трагедиясы деген осы – жайылым тапталған, ал сиырлар аш қалды.

Қоршаған ортаның ластануы да осы сияқты. Қоршаған ортаға қоқысты тастау арқылы қоқыс тастамағанға қарағанда, көбірек пайда тауып отырған сансыз ластаушылардың әрекеттерінің жиынтығы болып отыр. Біз өз бөлмемізді таза ұстауға тырысамыз, бірақ қоғамдық орындарды – жатақхананы, саябақты, зообақты ластауға бейіміз. Жеке басымыздың пайдасын ойлап, мәселен, жылы суға ұзағырақ шомылу ләззатынан айырылғымыз келмей, табиғаттағы су қорының ысырап болуына жол беріп жүрміз. Кит аулаушылар сол китті бәрібір басқа адамдардың аулап, пайда табатынын біледі, оның үстіне бір-екеуінің өлгені табиғатқа айтарлықтай зиян келтірмейтініне сенеді. Ақырында бәріміз де біле тұра, еш шара қолданбаймыз.

Әлеуметтік дилеммалардың шешімі

Өмірдегі шынайы жағдайларда адамдардың көбі әлеуметтік дилеммаларға оңтайлы шешім іздеп, басқалардың да келісе отырып шешім шығаруын күтіп, дилемманы шешуге ұжымдық сипат беріп жатады. Дилеммаларды зерттеу барысы мұндай ұжымдық тәсілдердің бірнеше жолын көрсетіп отыр.

Реттеу. Салық ерікті төлем түрі болса, халық салықты төлер ме еді? Сол жиналған салықтың арқасында бүгінгі қоғамымызда мектеп пен демалыс бағының ақылары төленіп, ішкі және сыртқы қауіпсіздік қамтамасыз етіліп отыр. Ортақ құндылықтарымызды қорғауға бағытталған заңдарымызды әлі де жетілдіре түсетініміз анық. Неғұрлым азырақ болса, соғұрлым жақсырақ. Әлеуметтік дилемманы шешудің тағы бір жолы бар: бұл – топтағы адам санын азайту. Себебі шағын топтың әр мүшесі жауапкершілікті көбірек сезінеді. Топтың көлемі өскен сайын әр мүшесі өзара ынтымақтастықтан бойын аулақ ұстауға бейім болып, «Бәрібір қолымнан басқа ештеңе келмес еді» деген сыңайлы ойлауға бейім болады екен. Шағын топтың мүшесі тобының жетістігіне үлес қосып отырғанын көбірек сезінеді. Бұндай сезім өзара сенім мен топтық мінез-құлықты күшейтеді.

Коммуникация. Адамдардың әлеуметтік дилемманы шешуде коммуникацияның маңызы зор. Зерттеу барысында, шынайы өмірдегі сияқты, топтық коммуникация өзара дау мен жанжалға әкеліп соғып жатады. Коммуникация ынтымақтастық орнатуға себеп болады. Дилемманы талқылау топтың әр мүшесінің көзқарасын ескеретін үйлесімділік орнатады. Топ нормасы мен ережесін қалыптастырып, топ мүшелерін тәртіпке шақырады. Тіпті топтық талқылауды елестетудің өзі де топ ынтымағының артуына себеп болуы мүмкін. Әсіресе бетпелбет кездесуде талқылау жүргізетін адамдар ынтымақтастыққа бейім болады.



Сыйақыны өзгерту. Зерттеу барысындағы ынтымақтастық ғалымдардың оған қолдау көрсетіп, қанаушыларды жазалау жолдарын енгізгеннен кейін пайда болып жатады. Сыйақы түрін өзгерту өзекті дилеммаларды шешуге септігін тигізеді. Кейбір үлкен қалаларда жұмысқа көлікпен барып-қайтатындардың саны көп болғаны сонша – жолдарда кептеліс пайда болып, қала үсті үнемі түтінді тұманмен көмкеріліп тұрады. Бір автомобильдің ауаның ластануына айтарлықтай зиян тигізе қоймайтыны әр жүргізушіге белгілі. Бірақ соңғы кезде көптеген үлкен қалалардың әкімшілігі автокөліктің әр жан басына шаққандағы тигізетін пайдасы мен зиянын зерттей отырып, жол таңдамайтын және ауаны ластанмайтын карпулер мен электромобильдерді көптеп шығаруға ұсыныс жасап отыр.

Альтруистік нормаларға бетбұрыс. Бұған дейінгі дәрістерімізде көзіміз жеткендей, басқалар үшін жауапкершілікті көбірек түйсінген адамның бойында альтруистік сезім де анағұрлым жоғары болады. Демек, адамның альтруистік мотивке ұмтылысы оның жалпыға бірдей қайырымды іс істеуіне кепіл бола ала ма? Бір сөзбен жауап беру қиын. Бір жағынан, ынтымақтастықтан бас тартудың жағымсыз салдарларын жай ғана білу онша тиімді бола қоймас. Адамдар өздерінің менменшіл іс-әрекеті кімге болса да зиянын тигізетінін біле тұра, жалғастыра беруі мүмкін. Мысалы, климаттың өзгеріп жатқанын біле тұра, адамдар газбен жүретін үлкен көліктерді мініп жүр. Жақсыны тану міндетті түрде жақсылық жасау дегенді білдірмейді. Дегенмен адамдардың басым көпшілігі қоғамдағы жауапкершілік, сыйластық, әділдік пен өз міндеттерін орындау қағидаларын ұстанады. Мәселенің түйіні осындай қағидаларды қалыптастыру жолдарын анықтауда болып отыр. Осындай жолдардың бірі – харизмалы көшбасшының басқаларды ынтымаққа шақырудағы ықпалы.

Екінші бір жолы – ынтымақтастық нормаларына сілтеме жасайтын жағдай тудыру. «Уолл Стрит ойыны» деп аталған бір тәжірибеде қатысушылардың үштен бірі ғана ынтымақтасуға келісім берген. «Қауым ойыны» деп аталған тағы бір тәжірибеде қатысушылардың үштен екісі келісім берген. Коммуникацияның альтруистік нормалардың өсуіне ықпалы зор. Қатысушыларға сөйлесуге рұқсат берілген тәжірибе барысында қатысушылар «Қателікті қайталай берсең, өмір бойы қателесіп өтесің» дегенге саятын әлеуметтік жауапкершілікті сезінген. Ғалым Робин Дауэс пен әріптестері қатысушыларға алдымен топтың артықшылығы, әдеби мен пайдасы туралы дәріс оқыған. Сосын қатысушылар тәжірибеге кіріскен. Дәріс мақсатына жетті: қатысушылар топтағы ортақ пайда үшін жеке бастарының пайда табуынан да бас тартыпты.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік дилеммалардың қиындықтарын өзіміздікі жоятын ережелерді қалыптастырып, шағын топтарды сақтап, адамдардың өзара қарым-қатынасына мүмкіндік беріп, ынтымақтастықтың тиімділігін өсіру мақсатында сыйақы түрін өзгертіп және альтруистік нормаларға сүйеніп жеңуге болады.

Бәсеке

Топ ішінде лауазымға, тұрғын жайға немесе белгілі бір ресурсқа талас басталған кезде жауласу басталып жатады. Мүдделер қақтығысынан жанжал туып жатады. Мысалы, Нидерланды азаматтарының арасында экономикалық және террористік қауіп үрейінің күшеюі елде оңшыл авторитаршылдар санының күрт өсуіне әкеліп соққан.

Сондай-ақ қазіргі кезде Калифорниядағы этникалық азшылықтың көзқарасы ақ нәсілділердің консервативті бағыттағы көзқарасынан басым болып отыр. Тәжірибені бәсеке жағдайында жүргізу үшін қатысушыларды екі топқа бөліп, аз ғана ресурс үшін шынайы таласуына мүмкіндік жасау қажет еді. Музафер Шериф пен әріптестері 11–12 жасар балаларға жүргізген тәжірибе топтамаларында дәл осылай жасады. Шерифтің бұл тәжірибені жүргізуіне бала кезінде, 1919 жылы Грекия әскерінің Түркияның провинциясына басып кіргенде көзбен көрген оқиғасы түрткі болыпты.

Кейінірек Шериф көзі көрген қатыгездіктің әлеуметтік тамырын зерттей келе, жазғы лагерьде осы құбылыстың басты элементтері болуы мүмкін жағдайларға үш аптаға созылған тәжірибе жүргізуге бел буады. Тәжірибелердің бірінде ол бәрі Оклахома-Ситиден келген, бірақ бірінбірі танымайтын 22 баланы екі топқа бөліп, әрқайсысын бөлек автобуспен бойскаут лагеріне апарып, Робберс-Кейв штаты саябағында бір-бірінен жарты миль қашықтықта орналасқан екі



лагерьге орналастырады. Алғашында балалар екінші топтың бар екенін тіпті білмеген. Әртүрлі істер – тамақ пісіру, шомылатын орын дайындау, арқан көпір жасау сияқты істер барысында топ мүшелері бір-бірімен тіл табысып кеткен. Ақырында екі топ өздеріне бірі – «Зырылдауық», екіншісі – «Қыран» деген ат қойып алған. Біраздан соң лагерьлердің бірінің қабырғасында «Өз үйім – ең жайлы мекенім» деген жазу пайда болған.

Осылайша топтық біртектілік қалыптасып, келешек жанжалға жол ашылғандай болған. Аптаның соңына қарай Зырылдауықтар Қырандарды «өздерінің» баскетбол алаңынан көріп қойыпты. «Лагерь жетекшілері екі топ арасында сайыс өткізуді ұсынғанда, екі топ та қуана келіскен. Бұл нағыз жан берісер сайыс еді. Марапаттың бәрі тек жеңімпазға тиесілі болды. Нәтижесін білгіңіз келе ме? Сайыс алаңы нағыз шайқас алаңына айналған. Шериф тәжірибесі балалар сайыс барысында қарсы команданың атын атап айқайлаған сәттен бастап, қызу тартысқа айналғанын көрсетеді. Кейін асханада бір-біріне қоқыс лақтыруға, қарсы команданың жалауын өртеуге, жатын орындарына шабуылдап, тіпті жұдырықтасуға дейін барған. Бір-бірі жайлы пікір білдіргенде, қарсы команданың мүшелерін «оңбағандар», «жасықтар», ал өз командасын «батылдар», «нағыз достар», «қайырымдылар» деп сипаттаған.

Тартысты сайыс топтар арасындағы жанжалдың ұлғаюына, қарсы команданың жағымсыз сипаттарының көбейіп, өз командасы ішіндегі ауызбіршілік пен келісімнің нығаюына әкелген. Топтар арасының алшақтауы жанжалды тіпті ушықтыра түскен. Бәсеке кезінде топтардың бәсекеге қабілеті жеке адамдарға қарағанда, әлдеқайда жоғарырақ болатыны анықталған.

Әділетсіздікті сезіну

«Бұл – әділетсіздік!», «Ақылға қонымсыз нәрсе!», «Біз бұдан жақсырақ қарым-қатынасқа лайықпыз!». Бұл – әділетсіздікті сезінген жағдайда айтылатын сөздер. Ал «әділдік» дегеніміз не? Кейбір әлеуметтік психология теоретиктерінің пікірінше, адамдар әділдікті тепе-теңдік ретінде түсінеді, яғни әркімнің қосқан үлесіне сай сыйақы алуы деп бағалайды екен. Мәселен, әріптесің Джеми екеуіңіздің қарым-қатынасыңыз болғанда ғана әділдік болады.

Ал егер сіз Джемиге қарағанда көбірек үлес қосқан болсаңыз, еңбегіңіз еш кетті деп өкпелер едіңіз; Джеми де сіздің еңбегіңізді пайдаланып кеткенін байқап, өзін кінәлі сезінер еді. Әрине, әділетсіздікті Джемиге қарағанда сіз көбірек сезінетініңіз анық. Әділдік тепе-теңдік қағидасына негізделуі тиіс екеніне күмәніміз жоқ, бірақ бұл жердегі қарым-қатынасыңыздың әділ бағасын беруде біздің ойымыз мүлде басқа болуы мүмкін. Мысалы, әріптестер арасындағы қарым-қатынаста әрқайсысының қосқан үлесінің маңызы немен өлшенуі мүмкін? Егде жастағы маман еңбекақысының көлемі жұмыс өтіліне байланысты болғанын, ал жас маман еңбектің өнімділік деңгейіне байланысты болғанын қалауы мүмкін. Мұндай жағдайда қай тараптың көзқарасы шешуші мәнге ие? Әлбетте, әлеуметтік мәртебеге ие адам өзін де, өзгелерді де өз ойының әділ екеніне сендіре алады. Бұл құбылыс «алтын заңы» деп аталады: яғни қолында «алтыны» бар адамның айтқаны – заң.

Сыншылар әділдікті тек тепе-теңдікпен байланыстыруға болмайды дейді.

Бұрыс қабылдау

Естеріңізде болса, конфликт іс-әрекетіміз бен мақсатымыздың үйлеспеуінен туады. Бірақ конфликтілердің көбінің себебі шын мәнінде үйлеспейтін мақсаттардың үйлеспеуі емес: ең бас-ты себеп – қарсы тараптың мақсаты мен мотивін бұрыс түсіну. Зырылдауықтар мен Қырандардың шын мәнінде үйлеспейтін мақсаттары болған еді. Дегенмен олардың бірін-бірі бұрыс қабылдауы араларындағы айырмашылықты тіпті ұлғайтып жіберді.

Алдыңғы дәрістерде осы сияқты бұрыс қабылдаудың себептеріне тоқталған болатынбыз:

- Жекелеген адамдар мен топтардың бұрмаланған көзқарасы өздерінің игілікті істеріне сөзсіз сеніп, жағымсыз қылықтары үшін жауапкершіліктен жалтаруына әкеп соғады;



- Адамның өз іс-әрекетін құптауға бейімділігі бұрыс іс-қимылдарын теріске шығаруға итермелейді;
- Қарым-қатынастың іргетасы дұрыс қаланбағандықтан, әр тарап екінші тараптың қарсы әрекетін дұшпандық ниетімен байланыстырады;
- Ақпаратты сүзгіден өткізіп, өз пікіріне сәйкесін ғана қабылдайды;
- Топтар өзін ақтап алу мен бұрмаланған көзқарас сияқты қылықтарды, әдетте, дұшпандық ниетке балап жатады;
- Топтық ойлау белгілерінің бірі – өз тобын берік, моральға сай, ал қарсы топты әлсіз, зұлым ретінде қарастыру. Халықтың көз алдында асқан қатыгездікпен жасалған террористік актілерді әлдебіреулер «қасиетті соғыс» ретінде бағалайтыны да сондықтан;
- Көп жағдайда қарсы топқа берілген теріс мінездемені қандай да бір дәлелдермен теріске шығару қиын болып жатады.

Сондықтан конфликтідегі адамдардың бір-бірінің болмысын бұрмалап сипаттайтынына таңғалмай, салқынқандылық танытуымыз керек.

Кереғар қабылдау

Бір қызығы, бұрыс қабылдау конфликт тараптарының бәріне тән екен. Конфликтідегі адам ізгі істердің бәрін – өзіне, кемшіліктерді басқаға итеруге бейім. 1960 жылдары Кеңес Одағына келіп, қарапайым халықпен орыс тілінде әңгімелескен АҚШ психологі Ури Бронфенбреннер АҚШ азаматтарының Ресейді сипаттаған әңгімелерін орыстардың аузынан естігенде қайран қалған. Орыстар – АҚШ әкімшілігі әскери басқыншылыққа бейім; АҚШ халқын алдап, қанап отыр; дипломатияда сенімсіз деп сипаттаған. «Мұны есту қанша қиын болса да, орыстардың біз жайлы бұрмаланған көзқарасы біздің олар жайлы түсінігімізге қатты ұқсас – кереғар қабылдау екенін түсіндім» дейді.

Кереғар қабылдауды теріс түсіну көп жағдайда бейбіт келісімге жетуге бөгет болып жатады:

- Араб-Израиль конфликтісінің екі тарабы да «біз» өміріміз бен жерімізді қорғауға мәжбүрміз, «олар» бізді қырып, жерімізді тартып алмақшы. «Біз» – байырғы тұрғындармыз, «олар» – басқыншылар. «Біз» зардап шегіп отырмыз, «олар» бізге тиісіп отыр деген пікірді ұстанады.
- Мұндай үлкен сенімсіздік болған жерде келіссөз жүргізу қиын.
- Бақылаушылар болса терроризмнің куәсі болып отыр. Таяу Шығыста жүргізілген сауалнама нәтижесінде палестиндіктердің 98%-ы Израиль азаматының мешітке шабуылы нәтижесінде 28 палестиннің қаза болуын террорлық акт деп бағаласа, 82%-ы палестиндік жанкештінің өзін-өзі жаруының нәтижесінде 21 Израиль жасөспірімін мерт қылғанын террорлық акт деп бағалаудан бас тартқан. Израильдіктер де Палестина тарапының ниетін зұлымдыққа балап жауап берген.

Түсініктің өзгеруі

Бұрыс түсінікті конфликт тудырады десек, демек, ол туындаған кезде пайда болып, шенесін жасайтын сол процесс дұшпаны одақтасына айналған кезде мүлде өзгеріп кетуі мүмкін. Екінші Дүниежүзілік соғыс кезіндегі «қаскөй, қатыгез, қисық тісті жапондар» солтүстік америкалықтардың санасы мен бұқаралық ақпарат құралдарында «зиялы, еңбексүйгіш, тәртіпті де өнертапқыш одақтасқа» айналған еді. Екі бірдей дүниежүзілік соғыстан кейін жеккөрінішті болған немістерді кейін жақсы көріп, біраз уақыттан соң қайта жек көріп, сосын қайта жақсы көрген: соған қарағанда неміс ұлтының бұрын-соңды «қатыгездік» деп бағаланған сипаты ендігі жерде басқаша бағаланған болса керек. Ирактың Иранмен соғысы барысында химиялық қару қолданса да, өз азаматтары – күрдтерді қырғынға ұшыратса да, көп елдің қолдауына ие болған, яғни біздің жауымыздың жауы – біздің досымыз.



Конфликт кезіндегі бұрыс түсініктің көлемі – ақыл-есі дұрыс және шамадан тыс қатыгездікке бейім емес адамдардың өз қарсыласы туралы бұрмаланған түсінік қалыптастырудағы қабілетін көрсетеді. Қандай да бір елмен, топпен, көршімізбен немесе ата-анамызбен конфликт кезінде өз мотивімізді – оң, қарсыласымыздың мотивін теріс бағалауға бейім тұрамыз. Қарсыласымыз да тиісінше дәл осылай жауап беріп жатады.

Осылайша әлеуметтік тұзаққа тап болған, шектелген ресурс үшін күрескен немесе әділетсіздікті сезінген тарап бұрыс түсініктен құтылып, келіспеушіліктің негізін жоюға бағытталған жұмысты бастағанша, конфликт жалғаса береді. Сондықтан есіңізде болсын: конфликт кезінде қарсы тарап сіздің құндылығыңыз бен мораліңізді бағаламайды деген ойдан аулақ болыңыз. Керісінше, қарсыласыңыз басқа тұрғыдан қарап тұрғанын ескеріп, түсініктеріңізді салыстырып көріңіз.

Қорытынды

Екі немесе одан да көп адамның, топтың, елдің өзара қарым-қатынасы барысында тараптардың қажеттіліктері мен мақсаттары арасында конфликт болуы мүмкін. Әлеуметтік дилеммалардың көбі адамдардың өз бас пайдасын ұжымдық пайдадан жоғары қойғанынан туады. Күдіктінің дилеммасы мен Ортақ игілік трагедиясы осындай дилеммалар қатарына жатады. Шынайы өмірде біз бұндай дилеммалардан өзіміздік іс-әрекетімізді реттейтін заңдар қабылдау арқылы; мүшелері өзара жауапкершілікті сезінетін шағын топтар жасақтау арқылы; сенімсіздікті жоятын қарым-қатынас құру арқылы; ынтымақтастық үшін сыйақы көлемін өсіру арқылы; адамдардың альтруистік сезімін ояту арқылы құтыла аламыз.

- Адамдардың шектелген ресурстар үшін күрес кезіндегі қарым-қатынасы дау мен жанжалға ұласып жатады. Музафер Шериф әйгілі тәжірибесінде сайыс бейтаныс адамдарды өзара жаулыққа әкеліп, тіпті жасөспірім балалардың өзі өзара жауласқанын көрсеткен.

- Сондай-ақ адам әділетсіздікті сезінсе, конфликт туады. Әділдік теориясына сәйкес, адамдар әділдікті – әркімнің қосқан үлесіне сай сыйақы алуы деп түсінеді. Өзінің қосқан үлес-терінің көлемі туралы келіспеушілік болса, тиісінше алған сыйақысының әділдігіне күмән келтірсе, конфликт туады.

- Конфликтілерде үйлеспейтін мақсаттардың негізі аз, бірақ қарсыласының мотиві мен мақсатын бұрыс түсіну жағдайы көп. Конфликт тараптары кері қабылдауға жиі ұшырайды. Екі тарап та «Біз бейбітсүйгішпіз – олар қара ниетті» екеніне сенген жағдайда қарсы тараптың жауабы да осыған ұқсас болады. Халықаралық конфликтілер зұлым басшы – жақсы халық туралы бұрмаланған көзқараспен ұштасып жатады.